КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2025 жылғы 09 шілде № 1112-25-00-2/1704 іс Көкшетау қаласы

Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.С.Бегенбаева
сот отырысының хатшысы Д.К.Маженованың қатысуымен
алдын ала сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Зеренді ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«ODO Energy» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1.мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. тұрақсыз айыбын өндіріп алу туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі У.О.Жусупова
жауапкердің өкілі Н.Р.Жумабеков

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2025 жылғы 23 сәуірде «Зеренді ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Тапсырыс беруші) мен «ODO Energy» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі - Жеткізуші) арасында № 43 мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалды (бұдан әрі - шарт).

Жауапкер шарт күшіне енген сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде 38 моноблоктарды жеткізуге міндеттенді.

Шарттың жалпы сомасы 8 469 440теңгені құрайды.

Шарттың қолданылу мерзімі 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 18-бабының 2-тармағының 9) тармақшасы негізінде қосымша келісім жасалды. Жеткізу мерзімі 2025 жылдың 22 мамырына дейін ұзартылды.

Документ подписан: Бегенбаева А. С., 10.07.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

2025 жылғы 09 мамырда шартты талап қоюшы біржақты тәртіппен бұзған.

2025 жылғы 11 мамырда талап қоюшы жауапкердің шарт бойынша міндеттемесін тиісінше орындамауына байланысты оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды және тұрақсыз айыбын өндіріп алу туралы талап қоюымен сотқа жүгінген.

Жауапкерден талап қоюға пікір келіп түсті, оған сәйкес жауапкер тауарды жеткізуге және тұрақсыз айыбынтөлеуге дайын екенін көрсеткен. Ол шартты бұзуды заңсыз деп санайды.

Талап қоюшының өкілі сот отырысында талап қоюда көрсетілген дәлелдер бойынша талап қоюды қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкердің өкілі талапты қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ

1-талап

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 349-бабына сәйкес міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі. Міндеттемені бұзғандық үшін борышқорды жауапқа тарту несие берушінің талап етуі бойынша жүргізіледі.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII ҚРЗ Заңының (бұдан әрі - Заң) 8-бабы 4-тармағының 4) тармақшасымен мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған Жеткізушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 4) тармақшасында көрсетілген жағдайда, тапсырыс беруші Жеткізушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын және (немесе) шарттың талаптарын бұзу фактісі туралы өзіне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей мұндай Жеткізушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті, бұған жиынтығында мынадай:

1) Жеткізушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі;
2) шарттық міндеттемелерді орындау;
3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы талаптарын қанағаттандыратын жағдайлар қосылмайды.

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 2-бабы 1-тармағына сәйкес кәсіпкерлік қызмет кәсіпкер атынан, оның тәуекел етуімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылады.

«Соттардың мемлекеттік сатып алу жөніндегі заңнаманы қолдануы туралы» 2022 жылғы 21 сәуірдегі № 4 Қазақстан Республикасы Жоғарғы

Документ подписан: Беганбаева А. С., 10.07.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Сотының нормативтік қаулысының 8-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы Өнім берушімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған Өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде Өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы).

Сот тараптар арасында тауарды жеткізу жөнінде шарт жасалғанын анықтады.

Жауапкер тауарды белгіленген мерзімде жеткізген жоқ. Бұл факт тараптардың түсіндірмелерімен де, іс материалдарымен де расталады.

АК-нің 273-бабына сәйкес, заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді.

Сонымен қатар, жауапкер шарт бойынша міндеттемелерді тиісінше орындамады, осылайша шарттың елеулі талаптарын бұзды, ал талапкер шарт жасасу кезінде күткенінен айырылды.

Сотқа жауапкердің міндеттемелерді тиісінше орындау, сондай-ақ қабылданған міндеттемелерді адал орындау үшін барлық шараларды қабылдағанын куәландыратын жеткілікті дәлелдер ұсынылмаған.

Осы талап қоюмен сотқа жүгіну мерзімі талап қоюшы тараптан сақталған.

Істің материалдары мен сотқа ұсынылған дәлелдемелерді зерттегеннен кейін сот талап қою қанағаттандырылуға жатады деген қорытындыға келеді, бұл тараптардың түсіндірмелерімен де, іс материалдарымен де расталады.

Осылайша, талап қоюшының 1 талабы негізді және қанағаттандырылуы жатады.

2 талап

Тауарды жеткізбеу және жеткізуді кешіктіру үшін айыппұлды өндіру шарттың 7.3-тармағында қарастырылған.

Айыппұлдың есептелуі сотпен тексеріліпті, қабылданды.

8 469 440 *0,1 = 8469,44 теңге;

8469,44 * 21 күн = 177 858,44 теңге, кешіктірілген 21 күнге(2025 жылғы 22 мамырдан бастап 11 маусымға дейін).

Сондықтан талап қоюшының жауапкерден 177 858,44 теңге тұрақсыздық айыбы мемлекеттік пайдасына өндіруге жатады.

Аталған мән-жайлар бойынша талап қою арызы қанағаттандыруға жатады.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден сот шығындары өндірілуге жатады.

Документ подписан: Беганбаева А. С., 10.07.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 223-226, 229 басшылыққа ала отырып

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Зеренді ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің жауапкер «ODO Energy» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыз айыбын өндіріп алу туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

«ODO Energy» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«ODO Energy» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттік пайдасына 177 858, 44 (жүз жетпіс жеті мың сегіз жүз елу сегіз) теңге (қырық төрт) тиын тұрақсыз айыбы, 7 302 (жеті мың үш жүз екі) теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілсін.

Шешімге бір ай ішінде шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап осы сот арқылы Ақмола облыстық сотының азаматтық істер бойынша сот алқасына апелляциялық шағым және (немесе) прокурордың өтінішхаты беруі мүмкін.

Судья **А.С.Бегенбаева**

Документ подписан: Бегенбаева А. С., 10.07.2025